



Мемлекет басшысының Жарлығымен 5-қыркүйекте Мұрат Дүйсенбекұлы Әйтенов Шымкент қаласының әкімі лауазымынан босатылды. Орынна Президент Жарлығымен Ғабит Әбдімажитұлы Сыздықбеков тағайындалды.

Ғабит Сыздықбеков 1980 жылы Шымкент қаласында дүниеге келген. Қазақ мемлекеттік заң университетін, РФ СІМ Дипломатиялық академиясын бітірген. Еңбек жолын 2004 жылы ҚР СІМ Мемлекеттік протокол қызметінің атташесі қызметінен бастаған.

2005-2006 жылдары — ҚР СІМ Мемлекеттік протокол қызметінің үшінші хатшысы; ҚР СІМ Еуропа және Америка департаментінің үшінші хатшысы.

2006-2007 жылдары — ҚР СІМ Кеңесі баспасөз қызметінің үшінші хатшысы; екінші хатшысы.

2007-2011 жылдары — ҚР Парламенті Сенатының аппаратында түрлі лауазымдарды атқарған.

2011-2012 жылдары — ҚР СІМ Азия және Африка департаментінің басқарма басшысы.

2012-2017 жылдары — Франция Республикасындағы Қазақстан Республикасы Елшілігінің кеңесшісі.

2017 жылғы тамызда ҚР СІМ Әкімшілік және бақылау департаментінің кеңесшісі болды.

2017-2019 жылдары — ҚР Парламенті Сенаты төрағасының кеңесшісі; ҚР Парламенті Сенаты Аппаратының Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетімен өзара іс-қимыл бөлімінің меңгерушісі.

2019 жылғы мамырдан бастап қыркүйекке дейін — ҚР СІМ Ерекше тапсырмалар жөніндегі елшісі.

2019 жылғы қыркүйектен бастап қазіргі таңға дейін Қазақстан Республикасының Сербия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшісі қызметін атқарды.

Миллионды мегаполистің тізгінін ұстап, қызметіне кіріскен жаңа әкімнің алдағы жұмысына сәттілік тілейміз!

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ Қ.К.ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ

«ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒДАРЫ»

**ЖОПДАУДЫҢ
МАҢЫЗДЫ ТҮСТАРЫ:**

Мемлекет отандық өнім өндірушілерді қорғауға міндетті. Бұл — біздің экономикамыз өзгелер үшін жабық деген сөз емес. Экономикамыз басқа елдерге әрдайым ашық болуға тиіс. Бірақ ұлттық бизнестің мүддесін қорғау керек. Қазақстанда кен өндіру өнеркәсібі жақсы дамығаны баршаңызға белгілі. Осы сала ұлттық экономиканың өсімін қамтамасыз ететін сенімді табыс көзі болып келеді. Болашақта да солай болуға тиіс. Жұмысшылардың өндірісте мертігуі және қазаға ұшырауы көп болып кетті. Үкімет кәсіпорындардың технологиялық және экологиялық ахуалын, денсаулық сақтау жүйесін жақсарту үшін батыл шаралар қабылдауы қажет. Сондықтан ірі өндіріс кәсіпорындары 5 жыл сайын технологиялық және экологиялық аудит жасауы керек. Бұл талап инфрақұрылым саласындағы кәсіпорындарға да қойылуға тиіс. Қазір еліміздің 1,5 миллион шаршы шақырым аумағына геологиялық және геофизикалық барлау жасалған. Үкіметтің міндеті — 2026 жылға қарай оның көлемін кемінде 2 миллион 200 мыңға жеткізу.

Агроөнеркәсіп кешенінде нақты серпіліс керек. Ауыл шаруашылығы саласының әлеуеті орасан зор. Қазақстанның стратегиялық мақсаты — Еуразия құрлығындағы басты аграрлық орталықтың біріне айналу. Осы мақсатқа қол жеткіземіз десек, ең алдымен, өнімді жоғары деңгейде өңдеуге көшуіміз қажет. Онсыз болмайды. Біз алдағы үш жыл ішінде агроөнеркәсіптегі өңделген өнім үлесін 70 пайызға жеткізуіміз керек. Бұл — нақты міндет. Жұртты өнім өңдеуге ынталандыру керек. Ол үшін салық саясатын қайта қарау қажет. Ет, сүт, астық өнімдерін терең өңдеу және өндірістік жылыжай шаруашылықтарында дамыту сияқты біз үшін болашағы зор бағыттарға басымдық берген абзал. Сонымен бірге өз еліміздегі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының әлеуетін қаперден шығармаған жөн.

Газбен қамтамасыз ету — өзекті мәселе. Тауарлы газдың ресурстық базасын кеңейту — Үкіметтің және ұлттық газ компаниясының басты міндеті. Жаңа газ өңдеу зауыттарының құрылысын тездету және қолданыстағы зауыттардың қуатын барынша пайдалану қажет. Еліміздегі Теңіз, Қашаған, Қара-

шығанақ сияқты мұнай-газ алпауыттары газды қолжетімді бағамен ұсынуға тиіс. Сонымен қатар жаңа газ кеніштерін барлау және игеру үшін инвестиция тарту аса маңызды. Электр қуаты, жылу және су — тұрмысқа аса қажетті игіліктер. Оны үнемдеп пайдалану керек. Үкімет энергетикалық тиімділік саясатын түбегейлі қайта қарауға тиіс. Онда Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының стандарттары ескерілуі керек. 2029 жылға қарай энергияны тұтынуға және энергия шығынына байланысты негізгі көрсеткіштер кемінде 15 пайызға азаюға тиіс. 2027 жылға қарай тағы 1,4 гигаваттық қуат көздері іске қосылады. Атом электр станциясын салу немесе салмау мәселесі — еліміздің болашағына қатысты аса маңызды мәселе. Сондықтан оны жалпыұлттық референдум арқылы шешкен жөн деп санаймын. Нақты мерзімін кейін анықтаймыз.

Су ресурсы — еліміздегі өзекті мәселелердің бірі. Әсіресе, судың сапасы және оның халыққа қолжетімді болуы аса маңызды болып тұр. Жыл өткен сайын халқымыздың саны да, экономикамыз да өседі. Бұл — қалыпты құбылыс. Сол себепті 2040 жылдарға қарай Қазақстандағы су тапшылығы 12-15 миллиард текше метрге жетуі мүмкін. Жалпы, біз — трансшекаралық су көздеріне тәуелді елміз. Еуразия құрлығындағы өзендер мен каналдар — баршамызға ортақ табиғат байлығы. Осы су көздері біздің халықтарымызды, экономикамызды жақындастырады. Сондықтан көршілес әрі достас елдермен бұл мәселе бойынша әрдайым өзара түсіністікке және келісімге келу керек. Сондай-ақ ішкі су ресурстарын үнемдеп пайдалану өте маңызды. Суды үнемдейтін технология өте баяу енгізілуде. Суды шақтап пайдалану мәдениеті де жоқ. Еліміздің кейбір өңірлерінде суды ең көп жұмсайтын ауыл шаруашылығы саласында оның 40 пайызы босқа ысырап болып жатыр. Су шаруашылығы нысандарының 60 пайызы тозып тұр.

Көлік-логистика саласының әлеуетін толық пайдалану — стратегиялық маңызды міндет. Қазақстан солтүс-



тік пен оңтүстікті, батыс пен шығысты байланыстыратын жаһандық жолаырықта орналасқан. Бұл біздің елімізге зор мүмкіндік беріп отыр. Сондықтан көлік-логистика саласы экономикамызды алға бастайтын басты күштің біріне айналуға тиіс. Қазір бәсеке күшейіп тұр. Осыған орай бірқатар маңызды мәселені шұғыл шешу керек. Ең алдымен, «Достық-Мойынты», «Бақты-Аякөз», «Дарбаза-Мақтаарал» бағытындағы ірі теміржол жобаларын сапалы жүзеге асыру қажет. Оның қатарында Алматыны айналып өтетін темір жол желісі де бар. Қазақстан көлік саласында Ресеймен және Қытаймен ынтымақтастығын жалғастыра береді. Біздің транзиттік әлеуетімізді нығайту ісінде Транскаспий бағдары айрықша рөл атқарады. Орта мерзімдік кезеңде осы дәліз арқылы тасымалданатын жүк көлемі бес есе артуы мүмкін. Ол үшін Қытай, Әзербайжан, Грузия, Түркия сияқты серіктес мемлекеттермен бірге күш жұмылдыруымыз қажет. 2029 жылға дейін 4 мың шақырымнан астам жолға күрделі жөндеу жүргізу қажет.

Сапалы орта білім алу — әрбір баланың мызғымас құқығы. Мұндағы ең түйінді сөз — «сапа». Сондықтан білім сапасын жақсарту және мұғалімдердің біліктілігін арттыру ауадай қажет. Бөріне бірдей білім беру үшін интернет жылдамдығы жоғары және білім берудің цифрлы ресурстары тегін әрі қолжетімді болуы шарт. Білім беру жүйесі еңбек нарығының сұранысына қарай өзгеріп отыруы керек. Ұлттық экономиканың бірқатар саласында кадр тапшылығы қатты сезілуде. Әсіресе, техникалық және жұмысшы мамандар

жетіспейді. Сондықтан осы салаларға қатысты білім берумен мықтап айналысқан жөн. Оқу орындары түлектерге жұмыс бере алатын мекемелермен ұзақ мерзімге арналған өріптестік орнатуы қажет. Экономиканың басымдықтарына, аймақтың және саланың ерекшеліктеріне байланысты тиімді қаржыландыру тәсілдері керек. Еліміздегі демографиялық өсім білімге деген сұранысты арттырады. Мемлекеттің білім саласына

қатысты жұмысында тұтастық, яғни жүйе жоқ. Тіпті, өзара байланыс жоқ деуге болады. Сондықтан бес жас-тан асқан балаларға арналған «Келешек» атты бірыңғай ерікті жинақтау жүйесін енгізуді тапсырамын. Бұл бағдарламада мемлекет тарапынан ұсынылатын бастапқы білім беру капиталы, жыл сайынғы мемлекеттік сыйақы және инвестициялық табыс қарастырылуға тиіс. Осы жинақ пен «Ұлттық қор — балаларға» жобасының қаражаты қосылғанда жас ұрпақтың сапалы білім алуына мүмкіндік туады.

Реформалардың іске асырылуына негізінен атқарушы билік жауап береді. Сондықтан, ең алдымен, оның өзін өзгерту қажет. Осы саладағы реформаның басты бағыттары мынадай:

Біріншіден, нақты салаларға қатысты шешімдерді әзірлеу және орындау міндеті, сондай-ақ түпкі нәтиже үшін жауапкершілік толығымен министрлерге жүктеледі. Өйткені олар өзінің бұйрығымен жедел шешім қабылдап отыруға тиіс. Бұл — әкімдерге де қатысты мәселе. Екіншіден, экономикалық саясаттың іске асырылуына Үкімет толығымен жауап береді. Бюрократияға және сөзбұйдаға салынбай, Президент Өкімшілігіне жалтақтамай, экономиканы дербес басқарудың барлық әдіс-тәсілдерін қолында ұстауға тиіс.

Үшіншіден, Президент Өкімшілігі басты «саяси штаб» ретінде мемлекетті әлеуметтік-экономикалық дамытудың стратегиялық бағыттарына, ішкі және сыртқы саясат, қорғаныс және қауіпсіздік, құқық және кадр саясаты мәселелеріне барлық күш-жігерін жұмылдырады.

Жаңа оқу жылында Шымкенттегі білім ұясының табалдырығын 28 048 бала аттады. Олар 1-сыныпқа қабылданып, алғашқы қоңырау салтанатына қатысты. №65 Ыбырай Алтынсарин атындағы мектеп-гимназияда 1 қыркүйек — Білім күніне арналған алғашқы қоңырау мерекелік іс-шарасы өтті.

Мектеп-гимназияға 250 бүлдіршін қадам басты. Сондай-ақ, бұл мектептен 600 орындық жаңа ғимарат салынды. 24 оқу кабинеті, 260 орындық асхана, спорт залы, футбол және баскетбол алаңдары, информатика мен ағылшын лингафон кабинеттері, заманауи кітапхана қосымша қолданысқа берілді. Енді бұл мектепке 1000 оқушы білім алатын болады.

Жалпы қала көлемінде 2025 жылға дейін 54 мектеп салу жоспарда бар. Биылдың өзінде 18 500 орынға арналған 18 мектеп пайдалануға тапсырылуда. Нәтижесінде үш ауысымда оқитын 4 мектептің мәселесі толығымен шешілді. 2023 жылға 9 мекеменің ғима-



28 048 БАЛА МЕКТЕП ТАБАЛДЫРЫҒЫН АТТАДЫ

раты күрделі жөндеуден өтті. Балалардың сапалы біліммен қамтылуы үшін жан-жақты шаралар атқарылып жатыр. Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін білім беру ұйымдарына 100% арнайы талаптарға сәйкестенді-

рілген бейнебақылау жүйелері, турникеттер, дабыл батырмалары орнатылып, Полиция департаментінің Жедел басқару орталығына қосылды. Сондай-ақ І-дәрежелі мамандандырылған күзетпен келісім-шарт түзілді.



140 ОТБАСЫ "НҰРЛЫ ЖЕР" БАҒДАРЛАМАСЫМЕН БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Шымкент қаласында «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында тұрғын үй кезегіндегі 140 отбасы арендалық баспанамен қамтылды. Оның ішінде 35 пәтер көпбалалы отбасыларға, 52 пәтер халықтың әлеуметтік әлсіз тобындағы азаматтарға, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға 16, мемлекеттік және бюджеттік ұйым қызметкерлеріне 37 пәтер табысталып, келісім шарт жасасу жұмыстары жүргізілуде. Жаңа баспаналар Тұран шағын ауданында орналасқан.

Айта кету керек, 2023 жылы Шымкент қаласы бойынша мемлекеттік бағдарлама аясында жыл соңына дейін жалпы саны 324 пәтер арендалық бағытта кезегі келген халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз тобы, көпбалалы отбасыларға және жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалар санатындағы азаматтарға, тұрғын үй кезегіндегі мемлекеттік қызметкерлерге табысталу жоспарланып, биыл шілде айында 168 азамат арендалық пәтерге қол жеткізді. Бұдан бөлек жыл соңына дейін жұмыс істеп жүрген жастар 888 пәтермен қамтылатын болады. Сонымен қатар 1732 пәтер несиелік бағытта тұрғын үй кезегіндегі азаматтарға берілу жоспарланып, оның ішінде қазіргі таңда 1174 азамат ипотекалық негізде өз баспанасына қол жеткізді.

ҚАЙТПАС КӨШЕЛЕРІ 100 ПАЙЫЗ АСФАЛЬТТАЛАДЫ

Шымкент қаласы Қаратау ауданының аумағы 19 500 гектар жерді алып жатыр. Аудандағы халық саны 213 мыңнан астам, сондай-ақ мұнда 18 елді мекен орналасқан. Қаратау ауданындағы көшелер саны — 595.

Ауданның жылдан-жылға әлеуметтік экономикалық деңгейі жоғарылап, инфрақұрылымы дамып келеді.

Қаратау ауданына қарасты Қайтпас шағын ауданында бүгінде 15 мыңнан аса халық тұрады. Шағын аудан аумағында 3 891 жеке секторлы үй, 3 мектеп, 18 балабақша орналасқан. Қазіргі уақытта балалар ойын алаңшасын салуға тиісті жер қарастырылып, биыл пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Қайтпас шағын ауданындағы 55 көшенің қазір 50-і асфальтталған, 5-еуіне шагал тас төселген. Айта кетейік, биыл шағын аудандағы асфальт төселген көшелер санын 100 пайызға жеткізу көзделуде. Сондықтан Ер Жәнібек, атауы жоқ №1,2,3,4 көшелерге асфальт төсеу жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар биылғы жылы 6 көше, атап айтқанда Болашақ, Медеу, Ахметбаев, Дайрабеков, Ақбаев, Ақберен көшелері жарықтандырылады. Келесі жылы Көркем, Тұран, Әмірбеков көшелерін жарықтандыру жоспарланған. «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес аталған шағын аудан интернет жүйесімен толық қамтамасыз етілген. Сондай-ақ, шағын ауданда №42, 24,57 бағыттағы қоғамдық көліктер қатынайды.

Жалпы Қайтпас елдімекені 100 пайыз ауыз су, электр жарығы, табиғи газбен қамтылған.



БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҒАЛЫҚТАР МЕН ЖЕТІСТІКТЕР

Мемлекет басшысының қолдауымен «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы шеңберінде Шымкентте келесі жылы 6 жайлы мектептің құрылысы басталмақ. Қалада «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру мақсатында 2025 жылға дейін 28 мың орындық 18 мектептің құрылысын салу жоспарлануда. Биыл 17 300 орындық 12 ғимаратты салуға республикалық бюджеттен тиісті қаражат қаралған. Ал, 10 700 орындық 6 мектептің құрылысы 2024 жылы басталады деп жоспарлануда.

Сондай-ақ, ағымдағы жылы үш ауысымды мектеп мәселесі шешілді. Жаңа оқу жылында 600 орындық жаңа білім ғимараттары пайдалануға беріліп отыр. Ұлттық бірыңғай тестілеу бойынша түлектердің 85 пайызы мемлекеттік грантқа ие болды. Жаңа оқу жылында қалада 28 мыңнан астам бала 1-сынып табылдырығын аттап отыр.

Қала әкімінің орынбасары Н. Ергешбек жауапты басқарма басшыларымен бірге арнайы жиында жаңа мектептердің құрылыс барысын талқылады. Қазір қала аумағында 18 білім нысанының орны анықталған. Абай ауданында

- 7, Әл-Фараби ауданында - 1, Еңбекші ауданында - 2, Қаратау ауданында - 6, Тұран ауданында - 2 мектептің құрылысы бекітілді. Бүгінгі таңда 13-нің жер учаскесіне мемлекеттік акт алынған. Ал, қалған 5 нысанның жер учаскесі бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде. Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы 4 ғимараттың құрылысына бөлінген жер телімдерін мемлекет мұқтажына алуға тиісті шараларды атқаруда. Жоспарланған 18 мектеп құрылысы пайдалануға берілген жағдайда жаңадан ашылған шағын аудандардың және сынып толымдылығы жоғары мектептер мәселесі толығымен шешілетін болады. Сонымен қатар қосымша 2 579 педагог жұмыспен қамтылады.

Жобада жайлы мектептің ерекшеліктері бекітілген. Бастауыш және жоғарғы сыныптарға арналған ғимараттың жеке блоктарының болуы, пәндік кабинеттердің толық жиынтығы, еңбекке баулуға арналған әмбебап шеберханалар мен студиялар, жабдықталған спорт зал мен асханалар және арнайы талаптарға сай қауіпсіздік жүйелері қамтылған.

Салтанат РҮСТЕМБЕК.



ТҰРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА!

Шымкент қаласы Еңбекші ауданы аумағындағы көпқабатты 283 тұрғын үйдің 175-і орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған. Көпқабатты тұрғын үйлерді жылу маусымына дайындау бойынша «Қуатжылуорталық-3» МКК-мен бірлесе және аудан аумағындағы 7 сервистік қызмет көрсетуші мекемелерімен арнайы іс-шара жоспары бекітілді. Көпқабатты 175 тұрғын үйдің 105-іне сығымдау жұмыстары жүргізіліп, қазіргі уақытта қысқы жылу маусымына дайындық көрсеткіші 60% құрап отыр.

Қала тұрғындарына алдағы жылу маусымына дайындық жұмыстарын сервистік компаниялармен келісім-шарт түзу арқылы іске асыруды немесе өз күштеріңізбен жүргізу керектігін ескертеді.

Еңбекші ауданында 7 сервистік компания 64 тұрғын үйге қызмет көрсетуде.

Олар:

«Теплокомсервис» ЖШС -ы (16 шағын ауданы, тел: 8-702-655-05-82), «Нұр-Арыстан» ЖШС -ы (Түркістан көшесі №314, тел: 8-701-727-45-47), ЖК «Шоманбаев» (Ш.Уәлиханов көшесі №213А, тел: 8-705-483-85-54),

ЖК «Аскар» (Елшібек батыр көшесі №114, тел: 8-705-885-77-30), «Kaz construction service-2020» ЖШС, «NUR-D» ЖШС (Кожанов көшесі №1/10, тел: 8-708-478-60-38; 8-778-526-80-20), ЖК «МолИз» (Академгородок №61, тел: 8-701-728-56-98)

Сонымен қатар туындаған мәселелер мен қосымша ақпарат үшін Еңбекші ауданы әкімінің аппаратының байланыс нөмірі: 8 /7252/ 53-27-43; «WhatsApp» арқылы: 8-708-326-10-58 нөміріне хабарласа аласыз.

Тұрғындарға жылыту қондырғылары мен қазандықтарының техникалық жай-күйін алдын-ала тексеруді, жөндеу жұмыстарын жүргізуді және сығымдаудан өткізуді сұраймыз. Сығымдау актісі болмаған жағдайда жылу берілмейтіндігін ескертеміз!

Түркістан облысында 30 тамыз — Қазақстан Республикасының Конституциясы күні қарсаңында халық игілігі үшін бірқатар нысан пайдалануға берілді.

Атап айтсақ, облыс орталығында заманауи «Мұз сарайы» ашылды. Спорт нысанының ашылуына Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды қатысып, спорт жанашырларын құттықтады.

1200 орындық Мұз сарайы 2 га аумақта орналасқан. Мұз сарайында қысқы спортты дамытуға барлық жағдай жасалған. Екі қабатты спорт нысанында шорт-трек, мөнерлеп сырғанау және хоккей секілді спорт түрлерін дамыту көзделген. Керекті құрал-жабдықтар арнайы Италия, Канада, Финляндия елдерінен тапсырыспен алынған.

Сондай-ақ мереке қарсаңында Сарыағаш ауданында төрт бірдей ғимараттың ашылу салтанаты өтті. Нақтырақ айтсақ, «Inju resort» шипажайы, мәдениет үйі және мектеп. Жаңа нысандардың ашылу салтанатына аудан әкімі Арман Абдуллаев арнайы барып, лентасын қиды. Қазіргі таңда шипажайы суымен әлемге танылған Сарыағаш шипажайларына халық сұранысының көп болуына байланысты шипажай саны жылдан жылға артуда. «Inju resort» шипажайы заманауи құралдармен жабдықталған, барлық талапқа сай, сыйымдылығы 70 адам. Мұнда 30 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Ал Диқан баба ауылының тұрғындарына 200 орындық жаңа мәдениет үйі пайдалануға берілді. Жаңа екі қабатты мәдениет үйінің ғимараты кітапхана, оқу залы, конференция мен хореографиялық бөлмелер, шығармашылық жұмыстар үшін кабинеттер, кең концерт залы, сондай-ақ заманауи музыкалық жабдықтардан тұрады. Заманауи үлгідегі 300 орындық жаңа мектеп Ақжар ауылдық округі, Бағыс елді мекенінде ашылды. №23 Ф.Мұратбаев атындағы білім ұясының құрылысы 2022 жылы басталған. Мектепте оқушылардың алаңсыз білім алуына қолайлы жағдай жасалған. Есік алдына асфальт төселген және көгалдандырылған. Мектептегі су және санитарлық байланыс құбырлары орталықтандырылған. Аталмыш мектепте үлкен дәліз, кітапхана бойынша оқу залы бар. Сондай-ақ химия, физика, еңбек және информа-

ОБЛЫСТА 10 НЫСАН ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ



тика кабинеттері толықтай заманауи құрал-жабдықтармен және интерактивті тақтамен жабдықталған. Тігін үйірмесіне арналған бөлме, кең спорт залы, асхана және медициналық бөлмесі бар. ртке қарсы дабыл қаққыш, сыртқы және ішкі бейнебақылау камералары, жеделсаты да орнатылған. Бұдан бөлек, Жылға ауылдық округі, Қарақалпақ елді мекеніндегі 25 адамға медициналық алғашқы көмек көрсете алатын дәрігерлік амбулатория ел игілігіне берілді. Заманауи медициналық құрал-жабдықтармен жарақтандырылған амбулаторияда әрбір азаматтың диагнозын нақты анықтап, тиісті ем-шараларды дер кезінде қабылдауына жол ашпақ.

Сонымен қатар Түлкібас ауданындағы Машат ауылдық округіне қарасты Еңбекші ауылында жаңа мектеп ел игілігіне пайдалануға берілді. Осыған дейін Еңбекші елді мекенде мектеп мәселесі бірнеше жылдан бері шешімін таппай келген. Сонымен қатар, аталған білім ошағы «Ауыл - ел бесігі» бағдарламасы аясында қолға алынған. Мерекелік шара, Ұлы Отан соғысының ардагері Нұрмахан Тұрсынбековке арнап, ескерткіш орнату рәсімімен жалғасты. Жаңа оқу жылы қарсаңында құрылысы аяқталған мектептің сыйымдылығы 150 оқушыны құрайды. Сондай-ақ жаңа нысан мемлекеттік стандартқа толықтай сай келеді. Оған дәлел, мектепте арнайы 1 лингофон бөлмесі 1 мультимедия бөлмесі бар. Оған қоса, қыздар мен ұлдарға арналған заманауи үлгідегі шеберхана және 13 пәндік кабинеттермен толыққан. Сонымен бірге, мәжіліс, спорт залы, кітапхана,

педагог-психологтардың жеке кабинеттері мен 50 орынға шақталған асхана мен медициналық бөлмесі бар.

Бұдан бөлек, Түлкібас ауданының орталығынан шалғай орналасқан Келтемашат ауылында жаңа медициналық нысан ашылып, ел игілігіне пайдалануға берілді. Елді мекен тұрғындарына қолжетімді медициналық көмек көрсету мақсатында биыл аудан аумағындағы медициналық тіректі қажет ететін 15 елді мекеннің 4-не заманауи жаңа нысан соғылып, биыл пайдалануға берілгені отыр. Бұл бағыттағы жұмыстар мұнымен тоқтамайды. Келесі жылы 5 елді мекенге, ал қалған 6 елді мекенге 2025 жылы заманауи фельдшерлік-акушерлік пункттер соғу жоспарланған. Келтемашат фельдшерлік акушерлік пунктін аумағы - 20 соттық. Құрылысы өткен жылдан өтпелі болып, биыл аяқталып отыр. Орталық 20 адам қабылдауға шақталған. Іші қажетті заманауи құралмен толық жабдықталған.

Сайрам ауданында да Конституция күні қарсаңында бірқатар нысан ашылды. Мерекеге орай ауданда заманауи спорт кешені пайдалануға берілді. Манкент ауылында орналасқан спорт кешенінде 20 азамат тұрақты жұмыспен қамтылған. Жалпы нысан құрылысына 450 млн теңге жұмсалған. Оның 65 % кәсіпкердің жеке қаражаты есебінен болса, қалған 35 % «Jusan» банкінің несиесі көздерінен. Аталған ғимараттың құрылыс жұмыстары 2022 жылы басталған болатын. Жұмысшылардың орташа жалмақысы 150 мың теңгені құрайды. Спорт кешенінде күрес, волейбол, баскетбол, кіші

футбол, гимнастика, жүзу, бокс және үстел теннисі сияқты спорт түріне баулуға барлық жағдай жасалған, қажетті спорттық құралдармен толық жабдықталған.

Сондай-ақ Мақтаарал ауданының орталығы Мырзакент кентінде Спорт сарайы пайдалануға берілді. Жаңа спорт сарайы екі қабаттан тұрады. Ғимаратта 2 үлкен спорт залы және жаттығу залы, сабақ өтуге арналған арнайы залдар бар. Бірінші қабаттағы спорт залында спорттың гандбол,



баскетбол, волейбол түрлері дамытылады. Ал екінші спорт залында күрес, бокс, гимнастика, ауыр атлетика, жеңіл атлетикамен айналысуға барлық жағдай қарастырылған.

Мереке қарсаңында Кентау қаласы Қарнақ ауылында жаңа мектептің лентасы қиылды. Аталмыш мектеп жекеменшік болғанымен, балалар ақысыз білім алатын болады. Мектеп құрылысы 2023 жылдың ақпан айында басталған. Құрылыс жүргізуші - «Urker» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Жаңа мектептің аумағы 20 га қамтиды. Мектеп құрылысымен қатар жатақханасында бой көтеруде. Қараша айынан бастап алыс аймақтан келіп оқитын балалар аталмыш жатақханаға жайғастырылады. Білім ошағы кең және жарық заманауи жиһаздармен, техникалармен жабдықталған. Мұнда оқушыларға сапалы білім саналы тәрбие алуына барлық жағдай жасалынған. 25-тей сынып бөлмесі, 150 орындық акт залы, 200 орындық асханасы, соңғы үлгіде жабдықталған пән бөлмелері, спорт залы, кітапхана-сы бар. Онда оқушылар бір ауысымда оқитын болады.

Алыстан келетін ауыл балалар үшін тасымал ұйымдас-тырылады. Бір рет тегін тамақпен қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ Кентау қаласында соңғы үлгіде салынған «Grant high school» мектебінің лентасы қиылды. 2 қабатты ғимаратта орналасқан мектеп сыйымдылығы 250 орынға арналған. Бүгінде, мектепке 10-11 сынып оқитын 220 оқушы қабылданған. Жаңа білім ордасында әр оқушының таңдаған бағытына қарай пәндері тереңдетіліп оқытылады. Сондай-ақ мемлекеттік стандарты толықтай қамтыған оқу ордасында балаға түске дейін белгіленген кесте бойынша сабақ

оқытылса, түстен кейін мандыққа бейімделген білім беру жүйесі бойынша сабақ жүргізіледі.

Конституция күніне орай Келес ауданындағы Жамбыл ауылында 150 орындық Мәдениет үйі пайдалануға берілді. Зәулім ғимаратта түрлі үйірмелермен қатар кітапхана жұмыс істейтін болады. Ал Шардара ауданындағы Ақшеңгелді ауылы, Егізқұм елді мекенінен Әлеуметтік дүкен ашылды. «Алиасқар» деген атаумен ашылған әлеуметтік дүкендегі азық-түлік бағасы нарықтан 15-20 пайыз төмен сатылады. Кәсіптік нысанның ашылуына Ақшеңгелді округінің әкімі Ордабай Сахов, ауыл ақсақалдары мен тұрғындары қатысты. Ауыл әкімі Әлеуметтік дүкенде ауыл тұрғындарының күнделікті тұтынатын азық-түріктері сатылатын болғандықтан, халық үшін өте тиімді әрі, үлкен-жеңіл екендігін жеткізіп, кәсіпкерге алғыс білдірді. Қазығұрт ауданы Жаңабазар ауыл округіне қарасты Жаңажол елді мекенінде «Адель» балабақшасы ашылып, мереке қарсаңында ел игілігіне табысталды.

Шаһаризада ДӨНЕЕВА.

Келестегі келелі жұмыстың бірі - «Ауыл аманаты» жобасы. Аталған бағдарламамен 129 жоба мақұлданды. Келес ауданында ауыл тұрғындарының әлауқатын жақсарту мақсатында «Ауыл аманаты» жобасы қарқынды жүзеге асуда. Бүгінде жаппай қаржыландыру қолға алынған. Сонымен қатар, жобаның ережелері жайлы ауданға қарасты барлық ауыл тұрғындарына түсіндірме жұмыстары да жүргізілуде. Нәтижесінде «Ауыл аманаты» пилоттық жобасы бойынша, Келес ауданынан Қошқарата, Ошақты, Ақтөбе және Біртілек ауылдық округтерінен облыстық «Ырыс» МКҰ ЖШС-не 171 жоба ұсынылып, оның 129-

«АУЫЛ АМАНАТЫМЕН» 129 ЖОБА МАҚҰЛДАНДЫ

ы мақұлданып отыр. Аталған жоба аясында Келес ауданы облыс көлемінде төрттікке ілінген. Бұл туралы Келес ауданы әкімінің төрағалығымен өткен аппараттық мәжілісте талқыланды.

Бағдарлама аясында 5 ауылшаруашылық өндірістік кооперативі құрылып, 532 азамат 4 округтан қызығушылық танытқан. Соның бірі, Қошқарата ауылдық округтерінен «Үш Арыс КЗ»

К төрайымы Бахрамова Бақтыгүл жылыжай және мал шаруашылығын дамыту бойынша болса, қазіргі таңда

144 азамат несиесіне алуға қызығушылық танытып, кооператив мүшесі ретінде тіркелген. Ошақты ауылдық округінен «Төрт түлік-2023» К төрағасы Байболаев Бердибек мал шаруашылығын (мал бордақылау) дамыту бойынша қазіргі таңда 146 азамат несиесіне алуға қызығушылық білдірсе, Ақтөбе ауылдық округінен «Ақтөбе-ЕА» К төрағасы Ендібаев Абдумұтали мал шаруашылығын нақты (сүтті бағытын) дамыту бойынша қазіргі таңда 73 азамат және «Тамсан-БТА» К төрағасы Бауа-

нов Тамсан балық шаруашылығын дамытуға қазіргі таңда 38 азамат несиесіне алуға өтінім білдіріп отыр.

Пилоттық жобалар енген Біртілек ауылдық округінен «АгроКент» К төрағасы Қонысбаев Қаныбек жылыжай және құс шаруашылығын дамыту бойынша қазіргі таңда 131 азамат несиесіне алуға өтінім білдірген. Бүгінде ауылдардың даму динамикасы тұрақты бақылауға қойылған. Сондай-ақ шаруалар 678 млн.теңге қаражат облыстық «Ырыс» МКҰ тарапынан мақұлданды.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Стандарт цемент» ЖШС, Түркістан облысы, Түлкібас ауданындағы Абаил-Батыс цемент шикізатын (минералды пигменттер) өндіруге байланысты қызметтің салдарын жою жоспары «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша жария талқылаулар нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында (ecportal.kz) 21 қыркүйекте қолжетімді болады.

Ескертулер және ұсыныстар 10 жұмыс күні ішінде қабылданады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Стандарт цемент», сообщает, о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по проекту План ликвидации последствий деятельности связанной с проведением добычи осадочной горной породы (природных пигментов) в месторождении Абаил-Западный в Тюлькубасском районе, Туркестанской области Раздел «Охрана окружающей среды».

Проектная документация будет доступна на Едином экологическом портале (ecportal.kz) с 21 сентября.

Замечания и предложения принимаются в течении 10 рабочих дней.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«SAYRAM TAS» ЖШС «Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Сайрам тұрғын алабындағы «SAYRAM TAS» ЖШС ұсақтау-елеу зауыты, 696/3 корпусы» үшін рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізуде.

Қоғамдық тыңдаулар ашық мәжіліс түрінде 17.10.2023 жылы сағат 11.00-де Шымкент қ., Қаратау ауданы, Сайрам тұрғын алабында, уч. № 190/2. өткізіледі.

Іс-шараны бастаушының байланыс деректері: тел. +7 701 562 34 56, мекенжайы: Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Нұрсәт шағын ауданы, 172а үй, 89 пәтер.

Жобаны жасаушы ЖК «Мурзина», мекен-жайы: Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 20Б, 314 каб., Байланыс телефоны. +7 701 726 70 56. электрондық пошта murzina.60@mail.ru

Мүдделі жұртшылық қоғамдық тыңдаулардың материалдарымен танысып, өз пікірлері мен ұсыныстарын ecportal.kz ресми сайтында электронды түрде жібере алады немесе «Шымкент қаласының қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесі. ММ жазбаша түрде өтініш бере алады. мекен-жайы: Шымкент қаласы, Туркестан көшесі, 11А, тел. 8(7252) 53-65-49, электрондық пошта: e.musabai@shymkent.gov.kz

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «SAYRAM TAS» проводит общественные слушания к проекту нормативов допустимых выбросов для «Дробильно-сортировочной установки ТОО «SAYRAM TAS» в ж.м. Сайрам, Каратауского района, г. Шымкент, строение 696/3».

Общественные слушания состоятся в виде открытого собрания 17.10.2023 г. в 11:00 часов по адресу: г.Шымкент, район Каратау, жилой массив Сайрам, уч. №190/2. Контактные данные инициатора деятельности: тел. +7 701 562 34 56, адрес: г. Шымкент, Каратауский р-н, мкр Нурсат, дом 172а, кв. 89.

Разработчик проекта ИП «Мурзина», адрес: г.Шымкент, ул.Желтоқсан, 20Б, оф.314, конт.тел. +7 701 726 70 56. эл.почта: murzina.60@mail.ru

Документация по проекту размещена на ЕЭП ecportal.kz на сайте ГУ «Управление развития комфортной городской среды города Шымкент», раздел «Общественные слушания». Заинтересованная общественность может направлять свои замечания и предложения в эл. форме на почту e.musabai@shymkent.gov.kz, в бумажной форме по адресу: г.Шымкент, ул. Туркестанская, 11А, т.8(7252) 53-65-49

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Gas Line» ЖШС-і ҚР Экологиялық кодексінің 87-бабы 2-тармақшасының талаптарына сәйкес 2023 жылдың 15 қыркүйек пен 21 қыркүйек аралығында «Қопа станциясында» Gas Line» ЖШС-і темір жол кірме жолын салу» жобасына қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталында (Ecportal.kz) танысуға болады. Барлық ескертулер және ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталында қабылданады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Gas Line», в соответствии с требованиями подпункта 2-статья 87 Кодекса Экологического кодекса РК, сообщает, что с 15 сентября по 21 сентября 2023 года на Едином экологическом портале (Ecportal.kz) будут проводиться общественные слушания в форме публичного обсуждения по проекту Раздел охраны окружающей среды к проекту «Строительство железнодорожного подъездного пути ТОО «Gas Line» на станции Копа».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале (Ecportal.kz) для предоставления замечаний и предложений.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«SAYRAM TAS» ЖШС «Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Сайрам тұрғын алабындағы 190/2 учаскедегі «SAYRAM TAS» ЖШС-нің ұсақтау-елеу зауыты» үшін рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізуде.

Қоғамдық тыңдаулар ашық мәжіліс түрінде 17.10.2023 жылы сағат 10.00-де Шымкент қ., Қаратау ауданы, Сайрам тұрғын алабында, уч. № 190/2. өткізіледі.

Іс-шараны бастаушының байланыс деректері: тел. +7 701 562 34 56, мекенжайы: Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Нұрсәт шағын ауданы, 172а үй, 89 пәтер.

Жобаны жасаушы ЖК «Мурзина», мекен-жайы: Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 20Б, 314 каб., Байланыс телефоны. +7 701 726 70 56. электрондық пошта murzina.60@mail.ru

Мүдделі жұртшылық қоғамдық тыңдаулардың материалдарымен танысып, өз пікірлері мен ұсыныстарын ecportal.kz ресми сайтында электронды түрде жібере алады немесе «Шымкент қаласының қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесі. ММ жазбаша түрде өтініш бере алады. мекен-жайы: Шымкент қаласы, Туркестан көшесі, 11А, тел. 8(7252) 53-65-49, электрондық пошта: e.musabai@shymkent.gov.kz

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «SAYRAM TAS» проводит общественные слушания к проекту нормативов допустимых выбросов для «Дробильно-сортировочной установки ТОО «SAYRAM TAS» на участке 190/2, жилого массива Сайрам, район Каратау, г. Шымкент».

Общественные слушания состоятся в виде открытого собрания 17.10.2023 г. в 10:00 часов по адресу: г.Шымкент, район Каратау, жилой массив Сайрам, уч. №190/2. Контактные данные инициатора деятельности: тел. +7 701 562 34 56, адрес: г. Шымкент, Каратауский р-н, мкр Нурсат, дом 172а, кв. 89.

Разработчик проекта ИП «Мурзина», адрес: г.Шымкент, ул.Желтоқсан, 20Б, оф.314, конт.тел. +7 701 726 70 56. эл.почта: murzina.60@mail.ru

Документация по проекту размещена на ЕЭП ecportal.kz на сайте ГУ «Управление развития комфортной городской среды города Шымкент», раздел «Общественные слушания». Заинтересованная общественность может направлять свои замечания и предложения в эл. форме на почту e.musabai@shymkent.gov.kz, в бумажной форме по адресу: г.Шымкент, ул. Туркестанская, 11А, т.8(7252) 53-65-49

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қыран 01» ЖШС келесі жобалар бойынша экологиялық өсер етуге рұқсат алу үшін қоғамдық тыңдауларды өткізеді: «Қоршаған ортаны қорғау бөлімі, Эмиссиялар нормативтерінің жобасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, н-дірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, Түркістан облысының Келес ауданындағы Ынтымақ учаскесінде құм және құм-қиыршық тас қоспасын өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстары жоспарына қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары

Аумағына өсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Түркістан облысы, Келес ауданы, Лесбек батыр ауылы (бұрынғы Қызыласкер ауылы).

Тыңдау 12.10.2023 жылы сағат 15:00-де келесі мекен-жай бойынша өтеді: Түркістан облысы, Келес ауданы, Лесбек батыр ауылы (бұрынғы Қызыласкер ауылы), әкімдік гимнаратта.

зіндібен бірге жеке куәлік болуы тиіс.

Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

ҚР аумағында ТЖ және карантин режимі күшейтілген жағдайда тыңдаулар бейнеконференция форматында өткізіледі, қатысу үшін ZOOM Meeting Cloud қосымшасын жүктеу қажет. Конференцияны идентификациясы 525 698 6928. Құпия сөз 654321.

Бастамашы — «Қыран 01» ЖШС, БСН: 210540015782, ҚР, Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Жетісай қаласы, Л. Мұсабаев көшесі, № 98 үй, rizabekov@yandex.ru, тел: 87011508906.

Жобалық құжаттаманы өзірлеуші: ЖК Кашин А, К ЖСН: 510829300053, скемен қ., Потанин к-сі, 27/1-36, olya.28.08@list.ru, тел.: +77051453820.

Ескертулер мен ұсыныстар ecportal.kz. сайтында қабылданады

Порталға сілтеме: <https://ecportal.kz/> и <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigiresurstar?lang=ru>.

Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпаратқа қоғамның қолжетімділігін қамтамасыз етуге жауапты ЖАО — «Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б. Саттарханов даңғылы, 27, тел.: 8 (72533) 5-98-51, электрондық мекенжайы: a.shymbekova@ontustik.gov.kz.

Жарнаманың фотосуреттері сайтта орналастырылған <https://ecportal.kz>.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Қыран 01» проводит общественные слушания для получения экологического разрешения на воздействие по проектам: Раздел «Охрана окружающей среды», Проект нормативов эмиссий, Программа управления отходами, Программа производственного экологического контроля, План мероприятий по охране окружающей среды к плану горных работ по добыче песка и песчано-гравийной смеси на участке Ынтымак в Келесском районе Туркестанской области.

Перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие и на территории которых будут проведены общественные слушания: Туркестанская область, Келесский район, с.Лесбек батыр (бывш.с. Кызыласкер).

Слушания состоятся 12.10.2023г. в 15:00ч. по адресу: Туркестанская область, Келесский район, с.Лесбек батыр (бывш.с. Кызыласкер), в здании акимата.

При себе иметь удостоверение личности.

Срок проведения открытого собрания может быть продлен до пяти последовательных рабочих дней по решению участников общественных слушаний.

В случае усиления режима ЧС и карантина на территории РК, слушания будет проведена в формате видеоконференции, для принятия участия необходимо скачать приложение ZOOM Meeting Cloud. Идентификация конференции 525 698 6928. Пароль 654321.

Инициатор — ТОО «Қыран 01», БИН: 210540015782, РК, Туркестанская область, Жетісайский район, г.Жетісай, улица Л.Мусабаев, дом № 98, rizabekov@yandex.ru, тел: 87011508906.

Разработчик проектной документации: ИП Кашин А.К., ИИН: 510829300053, г. Усть-Каменогорск, ул. Потанина, 27/1-36, olya.28.08@list.ru, тел.: +77051453820.

Замечания и предложения принимаются на сайте ecportal.kz. Ссылка на портал: <https://ecportal.kz/> и <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigiresurstar?lang=ru>.

МИО ответственный за обеспечение доступа общественности к информации о проведении общественных слушаний - ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области», Туркестанская область, г.Туркестан, проспект Б.Саттарханова, 27, тел.: 8(72533)5-98-51, электронный адрес: a.shymbekova@ontustik.gov.kz.

Фото объявления размещены на сайте <https://ecportal.kz>.